

Құрметті дөңгелек үстелге қатысушылар!

Бүгінгі дөңгелек үстел **Қазақстандағы жол қауіпсіздігі мәселелеріне арналған.**

Дөңгелек үстелді Парламент Мәжілісінің екі Комитеті – Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік және Заңнама және сот құқықтық реформа комитеттері ұйымдастырған.

Дөңгелек үстелге Парламент Мәжілісінің депутаттары, Ішкі істер министрі, Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің басшылығы, мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері қатысып отыр.

Осы іс-шараның мақсаты – **жол қауіпсіздігі мәселелерін кешенді талқылау, сол салада орын алған проблемаларды шешу жолдарын белгілеу**, сондай-ақ, жол қауіпсіздігі саласындағы заңнаманы жетілдіру мәселелерін қарастыру болып табылады.

Жалпы алғанда жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету проблемасы Қазақстан үшін өзекті. Соңғы он жылдың ішінде жол-көлік оқиғаларында **31 мыңнан астам адам** қаза тауып, **166 мыңнан астамы** жарақат алған.

Бірақ бұл проблема Қазақстан үшін ғана емес, әлемнің басқа елдеріне де тән екенін айта кету керек. Көлік құралдарының саны өсіп іс жүзінде әлемдегі барлық қалалардың көшелері көлікке толып барады.

Сондықтан 2010 жылдың наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының 64/255 қарарында «2011-2020 жылдарға арналған Жол қозғалысы қауіпсіздігі мен жарақаттанушылықтың алдын алуды қамтамасыз ету бойынша іс-қимылдардың онжылдығы» халықаралық бағдарламасы жарияланған.

Ол бағдарламада Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы сарапшыларының болжамы бойынша 2020 жылға қарай жыл сайын - 1,9 миллион адам өмірін қиятын жол-көлік апаттары нәтижесінде орын алатын өлім мен жарақат алу жағдайларының алдын алу бойынша шаралар қабылдау қарастырылған.

Мен осы үрдістер аясында біздің бүгінгі дөңгелек үстел өзекті болып табылады және үйлестірілген іс-әрекеттер үшін негіздемемен қамтамасыз ететін көптеген өткір мәселелерді талқылауға мүмкіндік береді деп санаймын.

Соңғы жылдары мемлекеттік органдар жол қауіпсіздігі саласында үлкен жұмыс атқаруда. Атап айтқанда, жол қозғалысына қатысушылардың әкімшілік жауапкершілігі күшейтілді, жүргізушілердің дайындығын жақсарту бойынша шаралар қабылдануда, жолдардағы бақылау күшейтіліп, ереже бұзушылықтарды бекітетін автоматты жүйелер енгізілуде.

Осы жұмыстардың нәтижесінде соңғы жылдары жол-көлік оқиғалары және одан зардап шеккендер санының азаюына бағытталған **оң серпін байқалады.**

Бірақ Республикамыздағы жол-көлік жарақаттану деңгейі әлі жоғары болып тұрғанын мойындауымыз қажет. Бізде 100 мың тұрғынға жол-көлік оқиғасынан қаза болғандар 16 адам, ол дегеніміз Еуроодақ елдеріндегіден екі есе артық.

Сондықтан атқаратын жұмыс әлі көп. Жалпы жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету – **кешенді мәселе** болып табылады. Оң нәтижеге қол жеткізу үшін бірқатар бағыттар бойынша жүйелі жұмыс жасау қажет. Олар заманға сай, ойластырылған және қауіпсіз жолдар құрылысына, жаяу жүргіншілерге арналған жол инфрақұрылымына, жол полициясын нығайтуға, жолдардағы бақылауды күшейтуге, көлік жүргізу мәдениетін қалыптастыруға, медициналық қызмет тарапынан жедел шаралар қолдануға және т.б. қатысты.

Қазіргі қалалардағы көлік ағымдарының реттелуіне жолдардағы бақылаудың инновациялық жүйелерін, яғни **инновациялық технологиялар енгізу басты мақсат болып табылады.** Сарапшылардың бағасы бойынша ол елеулі әсерін тигізер еді.

Жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мәселелердің үлкен бөлігі заңаманы жетілдірумен байланысты. Заңнамада толықтыруды қажет ететін олқылықтар кездеседі. Сондай-ақ, жол қозғалысы саласындағы құқық нормаларын біріктіру қажеттігі де бар. Ұлттық заңнаманы еліміздің халықаралық міндеттемелерімен сәйкестендіру де өзекті болып табылады.

Қазір ІІМ Парламент Мәжілісіне тезарада келіп түсетін «Жол қозғалысы туралы» Заңның жобасын әзірлеуде. Депутаттар оны мұқият қарайтынына сенімдімін.

Осыған орай бүгінгі дөңгелек үстел **жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыстың бастамасы** болып отыр. Осы ретте біз Ішкі істер министрлігі, басқа мемлекеттік органдар, парламентшілер және азаматтық қоғамның күш-жігерін бірлесе жұмыс жасауға біріктіруіміз қажет.

Күш-жігерімізді біріктіріп біз бұл саладағы жағдайды жақсартуға ықпал ететінімізге сенемін.

Құрметті әріптестер!

Жұмысымызды қолдарыңызда бар бағдарламаға сәйкес бастауды ұсынамын.

Сөзді дөңгелек үстелдің модераторы, Парламент Мәжілісі Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің мүшесі, осы салада үлкен тәжірибесі бар, проблеманы жақсы түсінетін және бүгінгі кездесуіміздің басты бастамашысы болып табылатын Қайырбек Шошанұлы Сүлейменовке беремін.